



010000, Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 14  
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65  
www.prokuror.gov.kz

010000, город Астана, проспект Мәңгілік Ел, 14 тел.:  
8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65  
www.prokuror.gov.kz

28.04.2023 № 2-01-23-34252

07.04.2023ж. ДС-49

**«Ақ жол» және «Amanat»  
партияларынан  
Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаттарына  
(тізім бойынша)**

Бас прокуратура Солтүстік Қазақстан облысының Петропавл қаласындағы сепаратизм фактілерінің көріністері туралы 07.04.2023 жылғы депутаттық сауалды қарап, мыналарды хабарлайды.

2023 жылғы 30 наурызда Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті «Петропавл қаласы еңбекшілерінің халық кеңесі» құрылғаны жөніндегі бейнероликті әлеуметтік желілерде орналастыру фактісі бойынша Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 180-бабының 2-бөлігімен (сепаратистік қызмет) сотқа дейінгі тергеп-тексеру бастаған.

Сол күні құқық қорғау және арнайы мемлекеттік органдардың тәжірибелі қызметкерлерінен ведомствоаралық жедел-тергеу тобы құрылды. Іс бойынша процесс прокурорлары тағайындалды.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру шеңберінде жедел-тергеу іс-шаралары жүргізілуде.

Алынған материалдар бойынша сот психологиялық-филологиялық сараптамасы жүргізілді, оның қорытындысы бойынша материалдарда Қазақстан Республикасын ыдыратуды насихаттау, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіру, оның аумағының тұтастығы мен бірлігін бұзуды насихаттау белгілері бар.

Бүгінге қылмыстық іс бойынша 3 фигурантқа қатысты Солтүстік Қазақстан облысының мамандандырылған тергеу сотының 20.04.2023 жылғы қаулысымен 2 ай мерзімге күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасы санкцияланған.

Тергеу барысы Бас прокуратураның бақылауында.

**Қазақстан Республикасының  
Бас Прокуроры**

**Б. Асыллов**

орынд. С. Нұрғазин  
тел. 71 26 08

ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ



ПРЕМЬЕР-МИНИСТР  
РЕСПУБЛИКИ  
КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаттарына  
(тізім бойынша)

2023 жылғы 5 сәуірдегі № ДС-49 хатқа

**Құрметті депутаттар!**

Қазақстандық бірегейлікті, ұлттық идеологиялық құндылықтарды және ақпараттық қауіпсіздікті дамытуға қатысты депутаттық сауалды қарап, келесіні хабарлаймын.

*Ұлттық идеология Тұжырымдамасын қабылдау бойынша*

Үкімет отансүйгіштік құндылықтарын қалыптастыру, қазақстандық бірегейлікті дамыту бойынша кешенді жұмыстар жүргізуде.

**Бірінші. Қазақстан Республикасы мәдени саясатының 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы қабылданды.**

Тұжырымдамада отбасылық, дәстүрлі, ұлттық және қоғамдық құндылықтардың өзара іс-қимылына негізделген өскелең ұрпақты мәдени-адамгершілікке тәрбиелеудің жаңа тетіктерін енгізу мәселелері қарастырылған.

Ол дәстүрлі құндылықтарды қолдау, қоғамдық сананы жаңғыртуға, ұлттың мәдени кодын рухани жаңғыртуға және нығайтуға ықпал ететін адамгершілік бағдарларды қалыптастыру және тілді дамыту, мәдени-тарихи құндылықтар мен дәстүрлерді сақтау арқылы жүзеге асатын болады.

Осыған қоса, өскелең ұрпақты рухани дамыту және патриоттық сезімі мен дәстүрлі құндылықтарға деген құрметін тәрбиелеу міндеттеріне қол жеткізу үшін балалардың елдегі театрлар мен музейлерге ай сайын баруын көздейтін «Театрдағы күн» және «Музейдегі күн» жобалары жүзеге асырылатын болады.

**Екінші. 2023-2029 жылдарға арналған мемлекеттік жастар саясаты тұжырымдамасы бекітілді.**

Онда жастар арасындағы заманауи құндылықтар және патриоттық тәрбиеге бағытталған арнайы бөлім бар.

Атап айтқанда ұлттық құндылықтарды жастар арасында насихаттау, азаматтық белсенділікті, патриоттық тәрбиені, салауатты өмір салтын, мәдениет және білім беруді дамытуға басты назар аударылған.

**Үшінші.** Мемлекет пен қоғамның одан әрі дамуына ықпал ететін, халықтың мүдделеріне сай келетін идеялық-құндылық бағдарларын айқындайтын **Қазақстан Республикасының Ақпараттық доктринасы** (бұдан әрі - Ақпараттық доктрина) бекітілді<sup>1</sup>.

Доктринада қабылданып жатқан шаралар отандық ақпараттық өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал етеді, сондай-ақ ақпараттық өрістің идеологиялық бағыттарында ұлттық құндылықтардың үстемдігін қамтамасыз етеді.

Осыған қоса, қоғамдық бірігуді одан әрі дамыту жөніндегі идеялар мен қадамдарды тұжырымдайтын Қазақстан Республикасы Президент жанындағы Ұлттық құрылтай қызмет атқарады.

Ұлттық құрылтайдың кезекті отырысында ұлттық идеология және жастарды тәрбиелеу мәселелерін қарау жоспарланған.

Жалпы бүгінгі таңда қолданыстағы тұжырымдамалар мен бағдарламаларда қазақстандық бірегейлікті, ұлттық идеологиялық құндылықтарды дәріптейтін бағыттар қарастырылған.

*Ұлттық ақпараттық қауіпсіздік және шетелдік телеарналардың, сайттардың, жарияланымдардың қызметін тоқтата тұру бойынша.*

Ақпараттық доктринаның негізгі бағыты елдің және оның азаматтарының ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, ақпараттық сын-қатерлер мен тәуекелдерге уақтылы ден қою болып табылады. Оны іске асыру ақпараттық кеңістіктегі бар проблемаларды шешуге, ықтимал тәуекелдердің алдын алуға және осы салада жүйелік саясатты жолға қоюға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, ақпараттық заңнаманы жетілдіру шеңберінде Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі (*бұдан әрі – уәкілетті орган*) «Масс-медиа туралы» Заң жобасын әзірледі. Онда журналистердің мәртебесін арттыру, мемлекеттік ақпараттық саясатты қаржыландыру тетіктерін реформалау және тіркеу қағидаттарын қайта қарау, мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылды жетілдіру, өзін-өзі реттеу институттарын дамыту жөніндегі нормалар көзделген.

Заң жобасы халықаралық стандарттарға сәйкес бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы реттеудің нормативтік негізін тұжырымдамалық жаңартуға бағытталған.

Бұдан басқа, уәкілетті орган «Интернет-жарнама және онлайн-платформалар туралы» Заң жобасына реттеуші саясаттың консультативтік құжатын әзірледі, жоба көпшілік талқылау рәсімінен өтуде.

Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында республикалық және өңірлік баспа БАҚ, телеарналар, отандық және шетелдік интернет-ресурстардың жұмысына үнемі мониторинг жүргізіледі.

Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтауды қамтамасыз ету мақсатында уәкілетті орган әлеуметтік желідегі біршама танымал онлайн-платформалармен жұмыстар атқаруда.

---

<sup>1</sup> Қазақстан Республикасының Ақпараттық доктринасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2023 жылғы 20 наурыздағы № 145 Жарлығы.

Уәкілетті орган әкімдіктермен бірлесіп мәдени – отбасылық құндылықтар мен адамгершілік қасиеттерді дәріптеу, сондай-ақ қоғам мен балаларды зиянды әсерден қорғауды қамтамасыз ету бойынша жұмыстар жүргізуде.

Жастардың санасы мен психикасына теріс әсер ететін материалдардың таралуына жол бермеу бойынша жүйелі шаралар қабылдануда. Ағымдағы жылы интернет-ресурстарда орналастырылған 12 мыңнан астам құқыққа қарсы материалдар жойылды. Бұл жұмыс жалғасын табатын болады.

*Жыл сайынғы «Алашқа тағзым» іс-шарасы туралы.*

Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күніне арналған іс-шаралар ұлттық идеологияны дамытуда маңызды рөл атқарады.

Мемлекет басшысының 2020 жылғы 24 қарашадағы № 456 Жарлығымен Саяси қуғын - сүргін құрбандарын толық оңалту жөніндегі мемлекеттік комиссия (*бұдан әрі-мемлекеттік комиссия*) құрылды. Комиссияның негізгі міндеті 1920-1950 жылдардағы саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық құқықтық және саяси ақтау болып табылады.

Облыстар мен Астана, Алматы және Шымкент қалаларында саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау мәселелері бойынша 17 өңірлік комиссия жұмыс істейді.

Парламент Мәжілісі депутаттарының бастамасымен өңірлерде жыл сайын Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күніне орай «Алашқа тағзым» іс-шаралары өткізіледі.

Сонымен қатар, жыл сайын 31 мамырда облыстар мен Астана, Алматы және Шымкент қалаларында Мемлекеттік комиссияның қолдауымен барлық жерде еске алу іс-шаралары ұйымдастырылады, іс-шараға жергілікті тұрғындар, шет мемлекеттердің елшілері, азаматтық қоғам, жастар және БАҚ өкілдері қатысады.

Ашаршылық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күніне арналған іс-шаралар республикалық және өңірлік БАҚ-та, әлеуметтік желілерде кеңінен жарияланады.

Жалпы, депутаттық сауалда көрсетілген өзекті мәселелер бойынша жүйелі жұмыстар жолға қойылған және уәкілетті органның тұрақты бақылауында.

Жоғарыда айтылғанның негізінде көтерілген мәселелердің еліміз үшін маңыздылығын ескере отырып, оны шешу бағытында Үкіметпен қатар қоғам өкілдерінің, сонымен қатар депутаттық корпусының атсалысуы маңызды деп санаймыз. Нақты ұсыныстарды Сіздермен бірге талқылауға мүдделі екенімізді жеткіземіз.

**Ә. Смайылов**

## Тізім

1. Қ. Иса
2. А. Перуашев
3. Д. Еспаева
4. Е. Барлыбаев
5. Е. Бейсенбаев
6. А. Садықов
7. М. Рожин
8. Н. Сәрсенғалиев
9. Б. Керімбек